

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 151 Қаулысы

Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдарын, биологиялық және биотехнологиялық ғылымын басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» және «Биологиялық зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының еншілес мемлекеттік кәсіпорындары қайта құру жолымен шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталсын.

4. Осы қаулының 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) қызметінің негізгі мәні ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорындардың жарғыларын бекітуге ұсынсын;

2) Кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі № 700 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 27, 290-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ұлттық биотехнология орталығы»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 16-6, 16-7, 16-8, 16-9, 16-10, 16-11, 16-12, 16-13, 16-14, 16-15, 16-16, 16-17-жолдармен толықтырылсын:

«16-6. Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты

16-7. Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты

16-8. Микробиология және вирусология институты

16-9. Жалпы генетика және цитология институты

16-10. Биологиялық бақылау, сертификаттау және клиника алдындағы зерттеулер орталық зертханасы

16-11. Алтай ботаникалық бағы

16-12. Маңғыстау эксперименталдық ботаникалық бағы

16-13. Зоология институты

16-14. Адам және жануарлар физиологиясы институты

16-15. М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты

16-16. Ботаника және фитоинтродукция институты

16-17. Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы»;

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 28.08.2015 № 683 қаулыларымен.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорындары болып қайта
ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Ғылым комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының
еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі**

Р/с №	Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар болып қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының атауы	Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атауы
1	2	3
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорны	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорны	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Микробиология және вирусология институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорны	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Микробиология және вирусология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК